

Үшарал қазақ гимназиясы
Омарханов Ержан Бақытжанұлы


Пікір сайыс пайдасы





Әлсіздер күштілерден жасқанады
Білімділер бұл өмірді басқарады
Білімнің нәріменен сусындаған
Болашақ дәл біздерден басталады





Саяси
мәдениет
өрлеу белгісі

Патриот
болайық


Саяси
мәдениетке
ие болайық

Елім маған не
береді емес, мен
еліме не берем
деген ұран болсын

Болашақ
біздің қолда



Пікір сайыс неге бізді үйретеді???.....



Патриотизм - [грек, *patris* - отан, атамекен] - өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, қорғауды мақсат тұтатын өз Отанына, Атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі.

Патриотизм мәселелері жаңа мемлекеттердің құрылуы, ұлттың қалыптасуы, ұлт-азаттық қозғалыстар мен соғыстар кезінде ерекше өзектілікке, саяси мәнге ие болады. Бүгінгі күні Патриотизм мәселесі жаһандану интернационализация, мемлекетаралық, аймақтық және жер шарылық ықпалдастық жағдайында өрши түсуде. Шынайы

патриотизмді интернационализм мен космополитизмге қарсы қоюға болмайды. Өз халқын басқа ұлттар мен этностарға қарсы қоюға бағытталған патриотизм шынайы емес, ол ұлтшылдыққа және шовинизмге ұласып кетуі оңай. Ал, ұлттық және ұлттық-мемлекеттік нигилизмге негізделген интернационализм мен космополитизм жалпыадамзаттық мүдделер мен құндылықтарға қайшы келеді. Н.Г.Чернышевский айтқандай: "Өз Отанына салқын адам бүкіл адамзатқа да опа бермейді".

Пікірсайыс — ұжымдағы әр түрлі көзқарастың, ой-пікірдің ортаға салынып, көпшіліктің талқысына түсуі. Пікірсайыста қате көзқарасты әділ сынап жеңу көзделеді. Пікірсайыс түрлері: **жиналыс**, **конференция**, **пікірталас** және т.б. Пікірсайыстыру жиын, топ алдында екі адамның немесе екі топтың өзара пікір таластыруы. Пікірталас тақырыбы алуан түрлі болуы мүмкін. Мысалы, **саясат**, мәдениет, тіл, құқық қорғау, өнер салыстыру және т.б. Пікірсайыстың тақырыбы нақты, көкейтесті болуымен бірге, ондағы мәселе, ұсынылатын әдебиеттер қатысушыларға күні бұрын таратылады. Уақыт тәртібі сақталып, шебер жүргізуші тағайындалады.



Пікір сайыс- болашаққа бастайды,
Келешекке білім қуған жастарды.
Қадам басып ХХІ ғасырға,
Барлық әлем жаңалығын тастайды.



*Ойын толқын, айналған қатты ағысқа
Табылғандай танымда, жат дауыста.
Біреу озып келеді қатарынан,
Біреу қалып жатады асығыста.
Ойын толқын жатқанда асып, тасып,
Біреу ығып, біреулер шалыс басып.
Бұл ойыннан өтеді зұлама ойлар,
Жеңсеңде, жеңілсеңде қалма жасып.
Көрермен жиналған бұл тамашаға,
Құр қарап жай отыру жараса ма?
Туыс, досқа, сыныптас, танысқа емес
Соқ қолыңды білімді таланттарға!*



ДЕБАТ

Интеллектуалдық пікір-сайыс, өз ойынды анық, әсерлі, нақты түрде дәлелдеуге баулиды.

Пікір-сайыстың негізгі мақсаты-өзіңіз

ұстанып отырған бағытын дұрыс екенін дәлелдеп шығу.



Пікір-сайыс шарты:

1. Екі қарсы топ (жақтау және даттау) берілген қарар бойынша төрешілерді өз бағыттарының дұрыс екеніне көндіруі тиіс.
2. Әр топ екі ойыншыдан тұрады. Әрқайсысының ойында өз орны бар және міндеттері нақты белгіленген.



ПІКІР-САЙЫС ҚАҒИДАЛАРЫ

Бірінші қағида: пікір-сайыс көп нәрсеге үйретеді.

Пікір-сайыстың құрылымы- білім, біліктілік алуға негізделген. Бұның бәрі қазіргі демократиялық қоғамда алда болу үшін керек. Осы қағидаға сәйкес, пікір-сайыстың бірінші мақсаты - оқыту. Басқа сөзбен айтқанда, оқу жеңіске қарағанда маңыздырақ.

Екінші қағида: әділеттілік

Егерде білім алу мен өзін-өзі дамыту жеңіске қарағанда маңызды болса, онда аргументерді жалған қылуға себеп те жоқ. Әділдік - пікір-сайыстың негізі. Пікір-сайысшының міндеті аргумент келтіруде, дәлел тастауда, сұраққа жауап беруде әділ болу.

Үшінші қағида: сыйластық

Пікір-сайыста ойыншының жеке басы қозғалмайды. Ойыншыны көзқарасына қарай кемсітуге болмайды. Пікір-сайыс ой мен олардың тоғысу нүктелерін қарастырады. Қарсы ойға жауап беріп, аргументтеу негізгі қару болуы тиіс.

Пікір-сайыс тәртібі :

- Пікір-сайысты жақтау тобының бірінші спикері бастайды. Оның 5 минут уақыты бар. Сөзін амандасудан бастап, өз кейсіне көшеді.
- 1. қарарымен келіседі(мысалы »Жастардың сайлауға қатыспауы ақталмайды«)
- 2. қарардағы негізгі ұғымдарды анықтайды – «сайлау», «ақталмайды», «жастар».
- 3. төреші топтарға жеребе тартқызып, бағытын анықтайды, топтар дайындыққа минут алады.





Алматы облысы



Алакөл ауданы

Диплом

БАС ЖҮЛДЕ

Үшарал қазақ гимназиясы «Ерекше көзқарас» тобы

Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, жастар арасында зияткерлік ойындарды дамыту, шешендік өнерді, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру мақсатында «1 – желтоқсан Тұңғыш Президент күніне» орай ұйымдастырылған «Ойлы болсаң – озып көр» атты зияткерлік ойында бас жүлде иеленгені үшін марапатталады.

Аудан әкімі



Ә.Жақанбаев

Үшарал қаласы
2015 жыл